

Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласының шекарасын белгілеу туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 10/124 шешімі мен Маңғыстау облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 9 желтоқсандағы N 2235 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2009 жылғы 12 қаңтарда N 2039 тіркелді.

Түпқараған аудандық мәслихаты мен Түпқараған ауданы әкімдігінің Форт Шевченко қаласының шекарасын белгілеу туралы ұсынысын қарай отырып, "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылышы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11 - бабы 2 тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ** және облыстық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТИ**:

1. Жалпы жер аумағы 28649,0 га болатын, шешім мен қаулыға қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес Форт Шевченко қаласының шекарасы белгіленсін.

2. Осы шешім мен қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ж. Сүйінов

К. Көшербаев

Облыс әкімі

Мәслихат

Хатшысы

Облыстық

Б. Шелпеков